



ҰЛТ ТІЛІНІҢ  
КӨКЖИЕГІН  
КЕҢЕЙТУ ПАРЫЗ

4-бет



ТАТУЛАСУ  
РӘСІМІНДЕ  
ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП  
БОЛМАЙДЫ

6-бет



АР СОТЫ

8-бет

# ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№9 (3540) 3 ақпан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Бектас БОСТАНОВ,**  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры:

## «БІЗДЕГІ ҰЛТШЫЛДЫҚТЫҢ ДЕНГЕЙІ - 15 ПАЙЫЗ»

– Бектас Ғаниұлы, Алаш арыстары өткен ғасырдың басында «бізді ұлтшыл қылған нәрсе – біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз, көрінгеннен соққы жегендігіміз» деген екен. Біздің қазіргі қайраткерлерімізді ұлтшыл қылған не нәрсе?

Кейінгі кезде шығып жатқан кейбір азаматтардың ұлтшылдығына, айтып жүрген әңгімелеріне көңілім толады. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе қазақ өз алдына дербес ел болғаннан бастап маңдайымыздан кетпеген нәубеттер. Қай заманда болсын, қасымызға кім келмесін оларға не істеп қойғанымызды білмеймін, бәрі қазақты қыруға тырысқан ғой. Бұл қонағын құдайындай сыйлап, кең пейілін көрсетіп төріне шығарған меймандостығынан шығар, бәлкім. Осы жалпақшешейліктің бәрі маңдайына таяқ болып тисе де, одан сабақ алмадық. Ол кезде қазіргідей жер тарлығы болмады, адам саны да көп болған жоқ қой. Соның өзінде көрші елдер қазаққа не істемеді.

Ал қазір қазақты құртуға қызығатын нәрсе өте көп. Адам санының көбеюі мен жер ресурсының азаюы өзгелерді қазақтың жер астындағы байлықтарына қызықтыруда. Кішкентай халық сонша жерді қалай иемденіп отыр? Бізде неге ол нәрсе жоқ деген қызғаныш бар. Одан кейін осалдығымыз ба білмеймін, бізді отарлаушылар әрдайым еңсемізді көтертпей, төменшіктетіп, мүмкіндігімізді пайдалануға қажетті білімді бермеді, қай заманда болмасын жақсы білім бермеуге тырысты. Жасыратыны жоқ, Ресейге қосылмай тұрғанда да мемлекет болып қалыптасқанымыз шамалы. Одан кейін де ешкім қазақты көтерген жоқ. Құл деп айтпаса да құлдың ісін істетті. Кеңестік дәуірде де бүкіл өндірісіміздің табысын өзгелерді бағуға жұмсадық. Мәскеудегі халық шаруашылығы көрмесінде әрбір республикаға бөлінген павильондар бар. Оның алдында тұрған мүсіндерде ұлттық киім киген қыздардың қолына өз елдерінде өндірілген өнімін ұстатып қойған.

(Соңы 5-бетте)

ҚАБЫЛДАУ

## СУДЬЯЛАРДЫ ІРІКТЕУ ІСІ ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ



Мемлекет басшысы Жоғары сот кеңесінің төрағасы Денис Шиппті қабылдады. Кездесу барысында Президентке Жоғары сот кеңесінің 2022 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы, еліміздегі судьялар корпусының жай-күйі және оның тапсырмаларының іске асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Жоғары сот кеңесі төрағасының айтуынша, судьялар корпусының құрамын қайта жаңарту мақсатында қабылданған шаралардың нәтижесінде былтыр судьялық қызметке ұсынылған адамдардың саны сот жүйесінен кеткен судьялардың санынан асып түскен.

Мемлекет басшысының сот жүйесіне нақты сала мамандарын тарту жөнінде берген тапсырмасын орындау үшін алғаш

рет жекелеген құқық салаларындағы заңгерлер арасында конкурс өткізілді. Конкурс жеңімпаздары аудандық деңгейді айналып өтіп, бірден облыстық соттың судьялары бола алады.

Бұдан бөлек, Президентке кестені институционалды тұрғыда нығайтуға және оның құзыретіне соттардың кадрлық мәселелерін беруге, сондай-ақ судьялардың тәртіптік жауапкершілігі институтын жетілдіруге бағытталған жоспар туралы баяндалды. Сонымен қатар судьяларды іріктеу ісін жетілдіру және оның ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғасады. Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма беріп, сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

АҚОРДА.КЗ

МӘСЕЛЕ

## ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ӨЗЕКТІ

БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде ақпанның 6-15 күндері БҰҰ-ның Әлеуметтік даму жөніндегі комиссиясының (CSocD61) 61-сессиясы өтеді. Онда COVID-19 пандемиясынан қалпына келтіруді жеделдету және тұрақты дамудың 2030 күн тәртібін толық іске асыру үшін теңсіздіктерді еңсеру тәсілі ретінде барлығына толық және өнімді жұмыспен қамтуды және лайықты жұмысты құру жайы қарастырылады.

163 елді біріктіретін Халықаралық кәсіподақтар конфедерациясы (ITUC) жыл сайын сәуірден наурызға дейінгі заңбұзушылықтарға талдау жасап, Еңбекшілер құқығын сақтаудың ғаламдық индексі жариялайды. Онда Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларындағы жұмысшылардың құқықтарын қаншалықты мойындап және олардың қорғалуын қаншалықты талап ететіні сарапталды. Бұл құқықтарға мәжбүрлі және балалар еңбегіне

тыйым салу, сондай-ақ кәсіподақтар құру және ұжымдық келісімдер жасау құқығы кіреді. Индексте көрсеткіштеріне қарай 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша елдердің рейтингі жасалады. Атап айтқанда 1 – кездейсоқ құқықтардың бұзылуы; 2 – құқықтарды қайталап бұзу; 3 – құқықтардың тұрақты түрде бұзылуы; 4 – құқықтардың жүйелі түрде бұзылуы; 5 – құқықтарға кепілдік жоқ; +5 – байланысты құқықтардың кепіл-

діктері жоқ дегенді білдіреді. Мәселен, 2020 жылы Қазақстан 144 мемлекеттің арасында құқықтарға кепілдік жоқ 32 мемлекеттің ішінде жұмысшылар үшін ең нашар он елдің (Бангладеш, Бразилия, Гондурас, Египет, Зимбабве, Үндістан, Қазақстан, Колумбия, Түркия және Филиппин) қатарында аталды. Былтырғы индексте ең нашар ондыққа болмағанымызбен (Бангладеш, Беларусь, Бразилия, Колумбия, Египет, Эсватини, Гватемала, Мьянма, Филиппин, Түркия) құқықтарға кепілдік жоқ 44 елдің қатарында тағы да қалып қойдық. Ал еңбек құқықтары кездейсоқ бұзылатын Швеция, Норвегия, Финляндия, Дания, Исландия, Германия, Австрия, Италия, Ирландия деңгейіне жету әзірге арман боп қалатын сияқты.

### Еңбекақы төлеуде түйткіл көп

Бас прокуратураның мәліметіне қарағанда, былтыр прокурорлар уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп 68 кәсіпорынның 4 мың қызметкердің алдындағы 1,5 млрд теңге сомадағы жалақы бойынша борыштарын өтеуін қамтамасыз етті. Ал оның 1,1 млрд теңгеден астамы алғашқы жартыжылдықта жүзеге асқан. Мысалы, «Тамыр» ЖШС компаниялар тобы 243 қызметкерге 60 млн теңге қарыз болған. Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының ұсынуы бойынша кәсіпорынмен қарыздар толығымен төленіп, ал жұмыс беруші ӘҚБТК-нің 462-бабының 3-бөлігі бойынша әкімшілік жауапқа тартылған.

Еңбек құқықтарының қорғалуында шетелдік жұмыс күшін тартатын субъектілердің де тура жолдан таятын кездері аз емес. Ондағы ең көп таралған заңбұзушылық – отандық және шетелдік мамандардың еңбегіне ақы төлеудің теңгерімсіздігі болып отыр. Бұл бағытта анықталған заңбұзушылықтар бойынша 66 ұсыныс енгізіліп, 228 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

(Соңы 3-бетте)



**ҚОҒАМНЫҢ** ҚОҒАМНЫҢ

**Маңғыстау облыстық соты**

**«2023 ЖЫЛ – САПА ЖЫЛЫ»**



**Маңғыстау облыстық сотында 2022 жылғы сот төрелігін жүзеге асыру қорытындылары бойынша кеңейтілген мәжіліс өтті.**

Мәжілісте облыстық сот төрағасы Бек Әметов сот төрелігіне деген қоғамның сенімін арттыру маңызды екеніне тоқталып, судьялардың жауапкершілігін арттыру, істерді сапалы қарау, мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту, бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ, төраға ұсынысымен «2023 жыл – сапа жылы» деп жарияланды.

Іс-шарада өңірдегі сот төрелігін сапалы атқару, заңдылықты сақтау, соттардың жұмысын одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша алқа төрағалары, арыз-шағымдар бойынша сот әдеби жөніндегі комиссия төрағасы, БАҚ-пен бірлесіп атқарылған жұмыстар бойынша судья-координатор, Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы баяндама жасады.

Есепті кезеңде 1757 тұлғаға қатысты 1525 қылмыстық іс аяқталған (2021 ж. – 1999 тұлғаға қатысты 1752 қылмыстық іс), яғни 227 іске азайған. Сондай-ақ, өңірде 10 тұлғаға қатысты ақтау үкімі шығарылған (Ақтау қалалық сотында – 4, Мұнайлы аудандық сотында – 1, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған сотында – 5 (2021 ж. 7 тұлғаға қатысты). Өңірде сотталған әйел адамдар саны – 124 (2021 ж. 153), сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотталғандар саны – 28, (2021 ж. - 37), есірткі немесе психотроптық заттарды

заңсыз дайындау, өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сатуға байланысты сотталғандар саны – 26 (2021 ж. – 28).

Осы уақыт ішінде сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (2021 ж. – 13, 2022 ж. – 7), бұзақылық (2021 ж. – 47, 2022 ж. – 33), көлік құралын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамға беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру (2021 ж. – 92, 2022 ж. – 63) қылмысы азайған.

Облыс соттарында медиаторлармен 30 қылмыстық іс қаралып, сотталушылар жәбірленушілермен татуласуына байланысты қылмыстық іс өндірістен қысқартылған (2021ж. – 90 іс) яғни, 60 іске азайған.

2022 жылы 11632 тұлғаға қатысты 11626 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер аяқталған (2021 ж. – 10706 тұлғаға қатысты 10700), яғни әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер саны 926-ға көбейген.

Одан әрі Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Г.Бақытжанова өңір соттарының азаматтық істер бойынша атқарылған жұмысын қорытындылап, есепті кезеңде 12507 азаматтық іс қаралып аяқталғанын (2021 ж. – 13233), яғни істер 726-ға азайғанын жеткізді. Сондай-ақ, алқа төрағасы дауды соттан тыс реттеу және сотқа дейінгі баламалы институттарды тиімді қолдану, талап қоюды қабылдау кезеңінде мейлінше татуласу рәсімдерінің мүмкіндіктерін пайдалану аяқталған істер көрсеткішінің төмендеуіне әкелетінін айтып, өткен жыл қорытындысымен татуласу рәсімдері бойынша Маңғыстау облыстық соты республика бойынша 2-орында екенін алға тартты. Атап айтсақ, есепті кезеңде 2032 іс татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы қысқартылған, оның ішінде 1275 (2021 ж. – 1550) іс медиация тәртібімен, 752 (2021ж.

– 233) іс татуласу келісімімен және 5 (2021ж. – 2) іс партиципативтік келісімге келу арқылы қаралған.

Кеңейтілген мәжілісте әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Исатай Сматав «Әкімшілік талап қоюлар күннен-күнге ұлғаюда, сондықтан судьялар өздерінің кәсіби деңгейін арттырып, жария-құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешуі тиіс», – деді.

Алқа төрағасы 2022 жылы Маңғыстау облысының соттарына барлығы 784 әкімшілік талап қою түскенін (МАӘС – 745, жалпы соттарға – 39) мәлімдеп, оның ішінде, сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігін) дау айту, салық, жер, мемлекеттік сатып алу санатындағы даулар бойынша талап қою басым түскенін жеткізді.

Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы А.Калпаков қатысушыларға ағымдағы жылы Сот әкімшілігі туралы ереже бекітілгенін, сот әкімшілігі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру, сот төрелігін тәуелсіз жүзеге асыру үшін қажетті жағдай жасау, сот жүйесін және сот қызметін жетілдіруге бағытталған жүйелі реформаларды әзірлеу сот әкімшілігінің негізгі міндеті болып табылатынын атап өтті. Сондай-ақ, ол өңірде цифрландыруды дамытудың жоғары деңгейі қамтамасыз етіліп, 2022 жылы 8565 іс дыбыс-бенежазбамен қаралғанын айтты.

Іс-шара соңында Б.Әметов айтылған сын-ескертпелерді жойып, қатысушыларға құқық үстемдігі қағидатын қатаң сақтап, сот істерін қарау кезінде созбалаңға салу және судьялардың әдеп нормаларын бұзу фактісіне жол бермеуді қатаң ескертті. Сонымен бірге, сот төрелігіне жүктелген міндеттерді сапалы жүзеге асыруға шақырды.

**Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі**

**Қызылорда облыстық соты**

**ТАТУЛАСТЫРУ БОЙЫНША НӘТИЖЕ ЖОҒАРЫ**

Қызылорда облыстық соты мен Соттар әкімшісінің 2022 жылдың қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен баспасөз-конференциясы өтті.

Облыстық сот төрағасы Әділхадиди Шығамбаевтің айтуынша есепті кезеңде соттардың өндірісіне 1060 қылмыстық іс, 12686 әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс, 18 457 талап қою, 516 азаматтық іс, 825 әкімшілік іс түскенін, медиация тәртібімен 111 қылмыстық іс, 1890 азаматтық іс, 94 әкімшілік іс медиациялық келісіммен аяқталса, татуласу келісімі негізінде 109 азаматтық, 2 әкімшілік іс, ал партиципативтік рәсім тәртібімен 22 азаматтық іс өндірістен қысқартылғанын айтты. Татуласу шаралары 2021 жылмен салыстырғанда біршама артқан.

Қазіргі таңда сот жүйесінің ашықтығы толығымен қамтамасыз етілгенін, облыстық соттың сайтына, әлеуметтік желілердегі парақшаларында жаңалықтарды көруге болатынын, азаматтардың оңтайлы қызмет көрсетіп, кері байланыс орнату үшін call-орталық, әр соттарда whats`app мессенджері, телеграмм-бот, талап қою үлгілері жинақталған QR-код жұмыс жасап тұр.

Соттар әкімшісінің басшысы Сағатбек Сүлейменнің сөзіне қарағанда былтырғы төтенше жағдай режимінің салдарын жою бойынша ғимарат толығымен жөнделіп, сот жұмысы қалыпты режимге көшкен. Ғимаратты қалыпқа келтіру жұмысы он айда жүргізіліп, сот ғимаратының



іші-сырты, сот, мәжіліс залдары, дәліз, еден толығымен күрделі жөндеуден өтіп, жаңадан жиһаздар алынып, есік-терезе, шатыр, электр желісі, жылу, көріз жүйесі толығымен жаңартылды. Облыстық және қалалық соттың фронт-кеңселері қайта жасақталып, күту залы, анықтама бұрышы, жеке жұмыс жасау секторы, адвокаттар мен медиаторлар орны, кіріс кеңсесі, балалар ойын алаңқайы талапқа сай жасалды. Бірінші қабатқа LED-экран орналастырылды. Ол арқылы сотқа келуші азаматтар сот ақпараттарымен, талап арыз үлгілерімен, сот басшылығының азаматтарды жеке қабылдау кестесімен таныса алады.

Шара соңында баспасөз өкілдері жаңартылған сот ғимаратын аралап, сот залдарымен, фронт-кеңсе жұмысымен, сот мұражайымен танысты.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

**ҚҰҚЫҚ**

**Қарағанды облыстық соты**

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫНА ТЕРЕҢ МӘН БЕРІЛМЕК**

Қарағанды облыстық сотындағы кеңейтілген отырыс өңір соттарының 2022 жылғы жұмыс қорытындыларын таразылауға арналды. Іс-шараны облыстық сот төрағасы Ерден Әріпов ашып, қатысушыларды кеңейтілген отырыс бағдарламасымен таныстыра келе, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсарту және бірыңғай сот тәжірибесін қамтамасыз ету бойынша бірқатар нақты міндетті атап өтті.



Жиында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Рашид Нұрмағамбетов қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру қорытындыларына жан-жақты тоқталды. Бірінші сатыдағы соттар мен апелляциялық сатыда сот төрелігін жүзеге асырудың сандық және сапалық көрсеткіштері туралы азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Шахатбек Әдіров пен әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мұрат Туғанбаев хабардар етті. Әрі қарай судьялардың әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тобының жетекшісі Саят Оразбаев баяндама жасады.

Е.Әріпов 2023 жылы сот корпусының алдында бірнеше басым міндет тұрғанын, оны жүзеге асыру аясында үлкен бірлескен жұмыс атқару қажеттігін мәлімдеді. Яғни, бірыңғай сот тәжірибесі, бірінші және апелляциялық саты соттарының сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жоғарылату, сот актілерін сапалы және уақытылы дайындау, татуластыру рәсімдерін қолданудың тиімділігі және төменгі сатыдағы соттарға тәжірибелік көмек көрсету сияқты міндеттер қойылды. Төраға сондай-ақ бітімгершілік рәсімдерін дамыту жұмыстарын әрі қарай жалғастыруды, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту бойынша одан әрі белсенді жұмыс жүргізу қажеттігін баса айтты.

**Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі**

**Батыс Қазақстан облыстық соты**

**БІРЫҢҒАЙ ТӘЖІРИБЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ**



қаулы өзгертілді). Медиатордың қатысуымен 485 іс қаралды.

Облыс соттары 2022 жылы 1355 қылмыстық істі аяқтады (2021 ж. – 1407).Үкім шығарумен барлығы 1163 қылмыстық іс қаралды (2021 ж. – 1163). Есептік кезеңде 1297 адам сотталды, оның ішінде 527 адамға қатысты бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалды. Қылмыстың аса ауыр түрлері бойынша барлығы 42 адам бас бостандығынан айырылды (2021 жылы – 54, бас бостандығынан айыруға – 53). Апелляциялық сот алқасы көрсетілген кезеңде 3 адамға қатысты 5 үкімнің күшін жойды (2021 ж. – 3). 43 адамға қатысты 28 үкім өзгертілді (2021 ж. – 27).

2022 жылы сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстар үшін барлығы 17 адам сотталды, оның ішінде 12 адамға қатысты 39 206 360 теңге сомасына айыппұл түрінде жаза тағайындалды, 4 адам бас бостандығынан айыру және 1 адам бас бостандығын шектеу жазасына кесілді.

Бытыр 996 әкімшілік іс келіп түсті. Істердің ең көбі Батыс Қазақстан облысының МАӘС-ке түскен. Шешім шығарумен 350 іс қаралды, оның ішінде МАӘС-те 322 іс. 413 өтініш қайтарылды, 118-і татуласумен аяқталды, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасалуына байланысты – 38 іс, соттылығы бойынша 12 іс жолданды.

Әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық алқа 2022 жылы 294 әкімшілік істі қарады, 5 іс қайтарылды, 2 іс бойынша шағым қайтарып алынды, есепті кезеңнің соңына қалғаны – 8 іс.

Кеңес барысында Батыс Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы М.Кенжалиев статистикалық деректер мен облыс соттарында атқарылған жөндеу жұмыстары туралы баяндады. Ол сот актілерінің уақытылы салынбауы, процессуалдық мерзімнің бұзылуы, арыздың уақытылы тіркелмеуі мен бөлінуі, атқарушылық құжаттардың орындауға мерзімі бұзылып жіберілуі және сот отырысының уақытылы өтуі туралы айтты.

Сондай-ақ, соттардың алдына сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсарту және бірыңғай сот практикасын қамтамасыз ету, төрешілік этикасының нормаларын сақтау қажеттілігі бөлігінде бірқатар басым міндеттер қойды.

**Батыс Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметі**



ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК



## 1414 ТЕГІН КЕҢЕС БЕРУГЕ ДАЙЫН

Енді ел азаматтары 1414 нөмірі бойынша құқықтық сұрақтар бойынша тегін көмек ала алады.

ҚР Әділет министрлігі халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп Digital Justice жобалар портфелі шеңберінде кезекті қызметті іске қосады.

Бірыңғай байланыс орталығының базасында 1414 нөмірі бойынша консультациялық көмек азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ғана емес, сонымен қатар білікті мамандардан заң мәселелері бойынша да кеңес беріледі.

Осыған байланысты, кез келген адамның оңай есте қалатын 1414 нөміріне қоңырау шалуына болады. Қазақстан бойынша барлық ұялы байланыс операторына және стационарлық телефондар арқылы қоңырау шалу тегін.

Әділет министрлігінің баспасөз қызметі

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

## ӘЛЕУМЕТТІК АЗ ҚАМТЫЛҒАН ТОП МҮДДЕСІ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА



Соңғы жылдары әлемдегі нарықтық ахуал күрделене түсті. Әлемнің даму бағыты экономиканы түрлендіру, жаңа инновация, жүйеленген инвестиция, пәрменді интеграция мәселелеріне ойысты. Әр мемлекет өзінің ішкі және сыртқы нарықтағы орнын айшықтады. Ол ең алдымен халқының экономикалық, әлеуметтік ахуалы бойынша сараланды. Осы ретте, Қазақстанда замана ағысына ілесіп отырып, елдің ішкі ахуалын, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық статусын алдыңғы орынға шығарды.

Халықтың әл-ауқаты мен күнкөріс деңгейі, әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік мүмкіндіктері таразыланды. Төлем қабілеті төмен, қоғамдағы әлсіз топтар да мемлекет назарынан тыс қалмады. Мәселен, 2022 жылы 440 млрд теңгеден астам сомаға қазақстандықтарға мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы төленіпті.

Статистика агенттігінің мәліметінше, 2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында республикалық бюджеттен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуге 341 млрд-тан астам теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша – 99,9 млрд теңге жұмсалған. Бұл көмек биылғы жылы да еселенгені байқалады. Ресми мәліметтер бойынша, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны шамамен 538,6 мың адам, ал асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша – шамамен 189,9 мың адам болған.

Бұл бағыт бойынша ҚР Үкіметі алдында атқарылуы тиіс ауқымды жұмыстар тұр. Жақын арада тиісті министрлік мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін мүгедектіктің тобына және себебіне, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына байланысты анықтамақ. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша да мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері қайтыс болған (қаза тапқан) асыраушының асырауындағы адамдардың санына, қайтыс болу себептеріне және ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты болады.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты 8,5%-ға өсті. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы аурудан мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері 1-топ үшін – 77 889 теңгені, 2-топ үшін – 62 068 теңгені, 3-топ үшін – 42 190 теңгені құрайды.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда ҚР мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру саласына ерекше басымдық берілген. Бұл алдағы уақытта мүгедегі бар азаматтарға қолдау күшейетінінен хабар береді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

МӘСЕЛЕ

# ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ӨЗЕКТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

72 млн теңгеге айыппұл салынып, әкімдіктермен 266 рұқсат қайтарып алынды және 150 шетелдік азамат елден шығарылған.

Еңбек жағдайларының қауіпсіздігі мәселелерінде прокурорлардың актілері бойынша 30 мың жұмысшыға жалақыға үстемеақы белгіленді. 600-ден астам қызметкерге өтемақы төленіп, қорғау құралдарымен және арнайы тамақпен кезең-кезеңімен қамтамасыз ету басталды. 22 бірлік жабдықтың жұмысы тоқтатылып, 226 адам әкімшілік жауаптылыққа тартылған.

Осы арада «Ештен кеш жақсы» дегендей, былтыр жалақы бойынша берешекті жедел өндіріп алу үшін деректер алмасу жолға қойылғанын да айта кеткен жөн шығар. Сондай-ақ дебиторлармен жұмыс жүргізіліп, борышкерлердің мүлкін іздеу жүріп жатыр.

Қазақстан еңбек құқығын қорғауда халықаралық конвенциялардың бәрін бірдей мақұлдап отырған жоқ.

Еліміз қазіргі таңда іргелі 8, директивалық 4 конвенцияның ғана толық қатысушысы болып табылады. Ал техникалық 178 конвенцияның тек 12-сін ғана мақұлдап отыр.

Атап айтқанда іргелі конвенцияларға: № 29 Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенцияны бекіту туралы (1932); № 87 Қазақстан Республикасының Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау жөніндегі (1948); № 98 Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу құқығы принциптерін қолдану туралы (1949); № 100 Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы (1951); № 105 Мәжбүрлі еңбекті жою туралы туралы (1957); № 111 Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы (1958); № 138 Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы (1973); № 182 Балалар еңбегінің жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы (1999) конвенциялар кіреді.



Директивалық конвенцияларға: № 81 Өнеркәсіп пен саудадағы еңбек инспекциясы туралы (1947); № 122 Жұмыспен қамту саласындағы саясат туралы (1964); № 129 Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы туралы (1969); № 144 Үш-жақты консультациялар (халықаралық еңбек нормалары) туралы (1976) кіреді.

Ал Қазақстан қатысушысы болып табылатын техникалық конвенциялар ішінде: № 26 Ең төменгі жалақыны белгілеу рәсімін жасау туралы (1928); № 88 Жұмыспен қамту қызметін ұйымдастыру туралы конвенцияны бекіту туралы (1948); № 95 Жалақыны қорғау туралы (1949); № 135 Еңбекшілер өкілдері туралы (1971); № 148 Еңбекшілерді жұмыс орындарындағы ауаның ластануы, шу мен тербеліс салдарынан болатын кәсіби қауіптерден қорғау туралы (1977); № 155 Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы және өндірістік орта туралы (1981); № 156 Отбасылық міндеттермен еңбек ететін еңбекші ерлер мен әйелдерге арналған тең қарау және тең мүмкіндіктер туралы (1981); № 162 Асбестті пайдалану кезінде еңбекті қорғау туралы (1986); № 167 Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы (1988); № 183 Араны қорғау туралы 1952 жылғы (қайта қаралған) конвенцияны қайта қарау туралы (2000); № 185, 1958 жылғы конвенцияны қайта қарайтын теңізшілердің жеке күәліктері туралы (2003); № 187 Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына жәрдемдесетін негіздер туралы (2006).

### Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау кәсіподақ қызметінің басты бағыттары

2015 жылы қабылданған Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес:

1. Жұмыс берушінің және жұмыскерлердің не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Оның құрамына еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, жұмыскерлердің өкілдері тепе-теңдік негізде.

2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті 2 жылда 1 рет мерзімділікпен ротациялық негізде жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің арасынан кеңес мүшелері сайлайтын тәраға басқарады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімдері жұмыс беруші және жұмыскерлер үшін міндетті.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жұмыс беруші мен жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексерулер жүргізуін ұйымдастырады.

5. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен айқындалады.

Мемлекет басшысы былтырғы қыркүйектегі жолдауында: «Еңбеккерлер нарықтағы жағдайға сай өсіру – халықтың әл-ауқатын арттырудың басты факторы. Мемлекет ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа тәсілін енгізеді. Бұл әдіс оның мөлшерін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мен ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді» деген еді. Алайда елдегі инфляция табыс пен шығыстың арасындағы алшақтықты жоя алған жоқ. Сондықтан жыл бастала салысымен жер-жерде жұмысшылардың бейбіт наразылығы қайта жалғасып, өндіріс орындарындағы апатты жағдай жиілей бастады. Бұл кәсіподақ ұйымдарының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бағытындағы өз міндетін тағы да толық орындай алмай отырғанын көрсетті.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

### Сіз не дейсіз?

**Айдос АБИХАНОВ, «PARYZ» Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясының директоры:**

– Қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзу фактілерінің барын жоққа шығаруға болмайды. Бұл ретте бақылау-қадағалау органдарынан басқа қызметкерлердің құқықтарын қорғау үшін әлеуметтік әріптестік сияқты механизм бар екенін атап өткен жөн. Бұл орталық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесуі мен ынтымақтастығы. Қазақстанның әрбір өңірінде өңірлік ұшжақты комитеттер және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі ұшжақты комиссиялар жұмыс істейді. Комиссиялар әлеуметтік-еңбек қатынастары тәуекелдерінің картасын мониторингтеу нәтижелері бойынша комиссияның қарауына еңбек құқықтарының бұзылуы (еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігі, жалақыны уақытылы төлеу және т.б.) туралы мәселелерді шығарып отырады. Комиссия отырыстарына жұмысшылардың еңбек құқықтарын бұзған жұмыс берушілер шақырылады. Бұзушылықтарды жоюдың себептері мен мүмкіндіктері анықталады. Оларды жою үшін уақыт тағайындалады. Қабылданған шаралар бойынша жұмыс берушілер комиссияны орындау нәтижелері туралы хабардар етеді. Құқық бұзушылықтар негізінен шағын бизнесте көп кездеседі. Олар әлеуметтік серіктестік жүйесіне аз қатысады. Оларда жұмысшылардың мүдделері мен құқықтарын ұйымдасқан түрде қорғайтын кәсіподақтар жоқ. Жұмысшылар бір жағынан шашыраңқы, екінші жағынан олар кәсіподақ құрудың немесе салалық кәсіподақтарға кірудің жолын білмейді. Қазіргі уақытта конфедерация еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік комиссиялар қызметінің тиімділігін арттыру үшін өңірлермен және кәсіподақтармен жүйелі өзара іс-қимыл жасап отыр. Биыл кәсіподақтармен бірлесіп әлеуметтік әріптестік мүмкіндіктерін танымал ету және осылайша өртүрлі бұзушылықтар санының азаюына ықпал ету үшін өңірлерге баруды жоспарлап отырмыз.



## САРАП

**Қоғам өмірінің барлық саласында мемлекеттік тілге кең өріс ашуда терминологияның алатын орны ерекше екені белгілі.**

Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналып, өз тағдырын өз қолына алғалы отыз жылдан асты. Қазақ тілі мемлекеттік тіл деңгейіне көтеріліп, қоғам өмірінің барлық саласына етене енгізілді. Алайда Конституцияның қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде баяндау етуі оны бірден жоғары сатыға көтеріп жіберді деу ағаттық болар еді. Ол үшін қоғам өмірінің барлық салаларында нысаналы түрде қызмет істеу қажет. Бұл – мемлекеттік органдардың, лауазым иелерінің, қоғамдық бірлестіктердің, барлық азаматтардың қасиетті борышы. Әрине, осы қызметке бірінші кезекте ғалымдардың атсалысуы қажет. Мемлекет

кеңістікті реттеу шаралары қабылданды. Айталық, 2007 жылы алғаш рет жалпы таралымы 100 мың дана қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, диалектологиялық, фразеологиялық сөздіктері, синонимдер сөздігі мен қазақ тіліндегі эпитеттер сөздігі таратылды. Иллюстрациялық материалы бар 93 мың сөзді қамтитын лингвомәдениеттанушылық сипаттағы 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011ж.), 106 мың сөзді қамтитын қазақ тілінің тұңғыш үлкен «Қазақ сөздігі» түсіндірме сөздігі жарық көрді. 15 томдық «Қазақ әдеби тілі сөздігінің» (ікітар.kz), «Қазақ сөздігінің» (Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының сайты) электрондық нұсқалары интернет ресурстарда қолжетімді. Сонымен қатар, «Tilalemi.kz» порталы, «Atau.kz» ономастикалық базасы, «Emle.kz» орфографиялық базасы, «Termincom.kz» базасы, «Tilmedika.kz» үш тілді сайты,



**Досжан ТӨЛЕНБЕКОВ,**  
Байзақ аудандық сотының төрағасы

терминдер, сөз қолданыстары пайдалану болуда. Бұл – ұлттық тіліміздің қолданыс аясын, ұғымдық көкжиегін кеңейте түсуге ықпалын тигізетін құбылыс. Бұл арада жаңа қолданыстардың

## ДЕНСАУЛЫҚ

## СЫР МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ СЕРПІЛІС

**Қызылорда облысы 808 225 тұрғыны бар үлкен аймақ. Жеті аудан мен екі маңызды қаласы бар өңірдің елді мекендері бірінен бірі алшақ, халқы жайыла қоныстанған.**

Бұл халықты әлеуметтендіруге қиындық тудыратын фактор. Дегенмен осынша халыққа медициналық көмек көрсету үшін 18 стационарлық, 22 амбулаториялық-емханалық медицина ұйымдары қызмет етеді. Онда 2557 дәрігер, 9443 орта буындай маман қызмет көрсетуде. Сыр медицинасының жалпы жағдайы туралы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ж.Шаймбетов журналистерге сұхбат берді. Онда ол, «Қазіргі таңда аймағымызда әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз ету мақсатында «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы аясында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Жоба бойынша күтілетін өмір сүрудің орташа ұзақтығы 2021 жылы 70,83-ті құрады. Сондай-ақ, денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағытында да көптеген жұмыстар атқарылуда. Атап айтар болсақ, республикалық бюджет есебінен жалпы құны 2,3 млрд. теңгені құрайтын 80 мыңнан аса тұрғынға қолжетімді және жоғары сапалы бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін «Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 250 келушіге арналған емхана» құрылысы аяқталды. 2022 жылдың наурыз айында шалғай медициналық ғимараты жоқ елді мекендерде 2 медициналық бекет (Арал ауданы Тастубек, Қазалы ауданы Жұбан) іске қосылды. Сонымен қатар, жалпы құны 140,0 млн. теңгені құрайтын «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде іске асырылып жатқан 1 дәрігерлік амбулатория (Жалағаш ауданы Таң ауылы) құрылысын ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде қабылдау актісі алынды», – деді.

Жыл сайынғы толықтырулар нәтижесінде адам өмірін сақтап қалу жағдайлары жақсарды. Оған медициналық мекемелердегі құрал-жабдықтар сатып алу жұмыстары өз септігін тигізуде. Сандарды сөйлетер болсақ, 2022 жылға денсаулық сақтау саласына жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 1 523,9 млн. теңге қаражат қаралды. Бөлінген қаражат шеңберінде 536,8 млн.теңгеге Қармақшы және Шиелі аудандық ауруханасына компьютерлік томограф алынған. Сонымен қатар, алдағы уақытта №3 Қалалық емхана, Арал және Жаңақорған аудандарының ауруханаларына 443,9 млн.теңгеге видеодиагностикалық жүйесі, Қалалық орталық емханаға 36,5 млн теңгеге цифрлы стационарлық флюорографиялық рентген аппараты, №3 Қалалық емханаға 48,1 млн.теңгеге радиографиялық рентген жүйесі, №9 Қалалық емханаға 49,5 млн.теңгеге маммографиялық рентген жүйесі аппараттары сатып алу жоспарлануда. Атаулы шаралардың қорытындысында емханалардағы құрал-жабдықтармен қамтылу көрсеткіші 85%-ға дейін жетпек. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіш – 83,5%-ға шағайды. Желел жәрдем қызметін арттыру мақсатында облыстық жедел жәрдем стансасына 20 дана линзинг арқылы санитарлық автокөлік алынды. Қазірде Сыр тұрғындарына сапалы қызмет ету үшін құрал жабдықтармен және санитарлы автокөліктермен жабдықталуы – 100% жетіп отыр.

Сонымен қатар, Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының тарапынан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында ауылдық инфрақұрылымды дамыту бойынша Денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныс беріліп, министрлік тарапынан қолдау тапқан болатын. Ұсыныстың жалпы құны – 9,7 млрд. теңгені құрайды. Онда 24 дәрігерлік амбулатория мен 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет қамтылған.

«Қазіргі таңда құны 6,5 млрд. теңге болатын 15 дәрігерлік амбулатория (Арал ауданы Бөген, Қызылжар, Қазалы ауданы Каукей, Абай, Бозкөл, Қармақшы ауданы Дүр Оңғар, Тұрмағанбет, Ақжар, Жалағаш ауданы Есет батыр, Мырзабай, Сырдария ауданы Н.Ильясов, Шиелі ауданы Досбол би, Бала би, Бұланбай бауы, Жаңақорған ауданы Қаратөбе) және 1 медициналық бекет (Арал ауданы Көктем елді мекені) құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптама қорытындысы алынды. Нысан құрылысына жер учаскесі бөлініп, инженерлік инфрақұрылым жүргізілген. Аталған 16 нысанның құрылысы 2023 жылы бастау алады. Қалған 9 дәрігерлік амбулатория (Арал ауданы Тоқабай, Жалағаш ауданы Қаракеткен, Шиелі ауданы Ортақшылы, Тәжібаев, Тартоғай, Бестам, Алмалы, Жаңақорған ауданы Талап, Әбдіғаппар) мен 2 фельдшерлік-акушерлік бекет (Қармақшы ауданы Қармақшы және Қуандария) құрылысына 2023 жылы типтік жобаға байланыстыру жүргізілетін болады», – деді Ж.Шаймбетов.

Арал туберкулезге қарсы диспансері ғимаратын «Қамқорлық» ерте араласу оңалту орталығы етіп реконструкциялау жобасының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Жобаның жалпы құны – 360 043,5 мың теңгені құрап отыр. Қазіргі таңда, әкімдік тарапынан аталған тапсырманы орындау мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес, конкурстық рәсімдерді жүргізу жұмыстары жүруде, қайта жаңғырту жұмыстарына 2023 жылға – 338,7 млн. теңге бөлу жоспарға қойылды. Алдағы уақытта Сыр медицинасында қан тапшылығы мәселесі де өз шешімін табатын болады дейді мамандар. Ол үшін Қызылорда қаласынан жылына 5000-10000 жоспарлы қосымша IV санаттағы облыстық қан орталығын қолданысқа берілетін болады. Одан бөлек, 2023 жылы республикалық бюджеттен 3,5 млрд. теңгеге медициналық бұйымдар сатып алу көзделуде.

Салада даму динамикасы байқалады. Бұрынғы еміне дауа таппаған жұрт шекара асып немесе Астана, Алматы қалаларына сабылатын болса, қазіргі күні облыс орталығында да ем алып, сәтті ота жасатуға мүмкіндік бар. Мамандардың біліктілігін жоғарылау да көңіл көншітеді. Шет елдік медицинаның озық үлгілері алынып, мамандардың басқа ел дәрігерлерімен тұрақты түрде тәжірибе алмасуы да жолға қойылған.

**Жазира ҚҰРМАНБАЙ,**  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

**Шернияз ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ,**  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

## ҰЛТ ТІЛІНІҢ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТУ ПАРЫЗ

құрылысына, қызметіне, заңдарға байланысты қазақ тілінде ежелден қалыптасқан сөздерді, түсініктерді, терминдерді теріп жинап, сын елегіне жарату – зор міндет.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлт-аралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазасамыз, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн» деген болатын.

Осы жолдаудың негізінде елде тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, қарқынды жұмыс жасалуда. Бағдарлама Қазақстандағы тіл құрылысының одан әрі дамуын қамтамасыз етті: 246 баспа жобасы іске асырылды, олардың ішінде 72 оқу-әдістемелік құрал, 49 балаларға арналған кітап, 46 салалық сөздік және 70 танымдық, ғылыми, публицистикалық кітап жарық көрді. «Қазақ сөздігі» атты қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі және инновациялық негізде әзірленген «Даналық әліппесі» атты оқыту кешені жарық көрді.

Мемлекеттік тілдің ғылыми-лингвистикалық базасы құрылды: ортологиялық еңбектер әзірленіп, тартылды, терминологиялық жүйені реттеу бойынша жұмыстар басталды, ономастикалық

балаларға арналған «Balatili.kz» және барлық салалар үшін құжаттарды қазақ тілінде дұрыс толтыру нұсқаулықтары берілген «Qijat.kz» сайттары жұмыс жасауда. Бұл жұмысқа еліміздегі ғалымдар мен жоғары оқу орындары оқытушыларының, сала мамандарының үлкен бір тобы жұмылдырылған.

Тілдік құралымызды жетілдірудің бір арнасы – сөздік жасаудың әрқилы жолдары, тәсілдері бар, олар – белгілі бір сөздің мағына-мәнін түсіндіру, нақпанақ ұғымын беру, баламалы нұсқасына негіздеу. Ал осы тәсілдердің негізін – бір тілден екінші тілге жасалатын аударма құрайтыны белгілі. Аударма ұлт пен ұлтты өзара тілдестіруші ғана құрал емес, ол – кең мағынасындағы таным құралы. Осы таным құралын ұтымды пайдалана отырып өз тіліміздің аясын ұлттық шырайлы қалпында кеңейту үшін түзілген сөздіктер ешқашанда өзінің маңызын жоймайды.

Белгілі бір норманың заңдық өлшемін жоғалтып алмас үшін өз тілінде қолданылатын сөздің әдеби нормасын оның заңи ұғымдық нормасымен ұштастыра білу үшін заң мәтінімен жұмыс істеуші маманның тілді жақсы білуі, әрі белгілі бір дәрежеде сөз болып отырған заң нысанасынан толық хабардар болуы шарт. Сонда ғана сөздің, терминнің ұлт тілінде жатық сөйлейтін баламасын табуға еңбек өз нәтижесін береді.

Экономикада, саяси өмірімізде, әлеуметтік саладағы жаңа қоғамдық қатынастардың мәселелері жаңа ұғымдар мен түсініктерді туындатады. Осыған байланысты лексикамызда жаңа

денін құрайтын халықаралық терминдерді аудару қажет пе, қажет емес пе деген мәселе туындайды. Әлі күнге дейін ғалымдар арасында екі түрлі пікір белең алып тұрғаны белгілі. Бірі – термин атауының бәрін өз тілімізге аударып алу, екіншісі – халықаралық терминдерді аудармай, сол қалпында қабылдану. Осы екі пікір арасында дұрыс жол табу көзделіп отыр. Әр терминге өз тілімізден терезесі тең балама табу, қиюы келмейтін реттерде халықаралық қолданыстағы сөздерді тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіріп алу басты бағдар, негізгі арқау.

Заң терминдерін іріктеп, сараптау барысындағы жұмыс барысы шет тілдік белгілі бір ұғымның қазақша бір баламасын іздеу, жинақтау, орнықтыру сияқты үдерістерден тұрады.

Тұжыра айтсақ, заңның мемлекеттік тілде сөйлеуі үшін жақсы сапалы сөздіктер қажет. Ол үшін заң жазудағы сөздік қорымызды молықтыру жолында ғалымдарымыз бен заңгерлеріміз және аудармашылар бола отырып, бір кісідей жұмылып, жұмыс жасауға тиіспіз. Тілдік байлығымызды құрайтын, оны дамытатын халықтың бай тілінің сарқылмас қазынасы – тарихи-этно-лексикамыз бар. Соның мүмкіндігін бүгінгі жаңа нышандағы тың атаулармен, баламалармен қоржымы толығын келе жатқан лексикамызбен үндестіре, үйлестіре пайдалансақ, заң жазылатын ана тіліміздің де мүмкіндігін кеңейтіп, әлеуетін есіре түсірер еді. Басты мақсат – осы.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

## ҚОЛДАУ

## ГРАНТ ИЕЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



Алматы облысында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант жобасындағы үздіктер анықталды. Бұл жоба өңірде тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Мәдениет, ғылым, бизнес, медиа, IT салаларындағы жастар бастамаларын қолдау мақсатында 2021 жылдан бастап аймақта гранттар тағайындау үрдісі қолға алынған. Осы ретте быыл 15 үздік жоба оза шапты. Жүзден жүйрік шыққан жастарды аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев арнайы құттықтады.

«Бүгінгі жастардың білімге, инновацияны үйренуге, шет тілдерін меңгеруге деген талпыныстары, еңбекқорлығы бізді қуантады. Жеңімпаз атанған жобалар өңіріміздегі өзекті мәселелерді шешуге, мемлекеттік жастар саясатын жемісті жүзеге асыруға серпін беретін жасампаз істердің бастауы болсын. Бұл

бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады. Жалпы, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру біздің басты міндеттеріміздің бірі», – деді Марат Елеусізұлы. Бизнес-идеяларымен грант жобасына барлығы 35 үміткер қатысқан. Солардың ішінде тек 15-і жеңімпаз атанып, 1 млн теңгенің сер-

тификаттарына ие болды. Бұлардың қатарында медиа бағытында жеңімпаз атанған жас видеограф Сәкен Құттықбай да бар. Ол өз кезегінде ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, мұндай жобалар ел жастарына үлкен үмітпен бірге болашаққа деген сенім сыйлайтынын алға тартты.

«Бүгінгі күн мен үшін өте маңызды, Себебі, менің жобаларыма қаржылай қолдау табылды. Менің медиа саласы бойынша ұсынған жобам «Generation» деп аталады. Қазақша айтатын болсақ, «Ұрпақ» деген мағана береді. Жоба аясында жастарға арналған 3 қысқаметражды фильм түсіріледі. Біріншісі «Уақыт» деп аталады. Фильм жастарға уақытты тиімді қолдануды, бағалау керектігін түсіндіреді. Екінші туындыға «Нашақор» деген ат арқау болды. Бұл жерде жаман ортаға түсу, ішімдікке салыну кейін нашақор болуға әкелуі мүмкін екені баяндалады. Ал соңғысы «Құмар ойын» деп аталады. Өйткені, қазіргі таңда құмар ойындарға салынып кету өте оңай. Тіпті үйден шықпай-ақ бүкіл мүліктен айырылып қалуға болады. Бұл жобаның мақсаты жастар дұрыс жолда жүріп, уақытты және жақындарын бағалауы ең басты құндылық екенін қалың көпке түсіндіру», – деді жоба иесі.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол басқаларға қазақ бар деп айту үшін ғана керек болды. Шындығында мұның артында қазақтар бізге осындай ресурс жіберіп жатыр деген пиғыл тұр.

**– Біздегі ұлтшылдықтың деңгейін қалай бағалайсыз?**

Бізді ұлтшыл қылған осы уақытқа дейінгі құлдық санадан оянуымыз ғой. Тәуелсіздіктен кейін ғана көзіміз ашыла бастады. Әлемнің өзге елдерін көріп, тани бастағанымыз, әзірге олардан алып жатқанымыздың ішінде пайдалысынан зияндысы көп болып тұр. Біздегі ұлтшылдықтың деңгейін 15 пайыз ғана деуге болады. Әлі ұлтшыл бола қойған жоқпыз. Мұндағы ұлтшылдықты шовинизммен шатастырмау керек, яғни басқа ұлттарды адамға санамау деген сөз емес. Біздің ұлтшылдық қазақтың ұлт ретіндегі мәртебесін өсірумен өзектес. Оның бірінші көрінісі – біздің кез келген нәрсеге реформашылдығымыз. Еуропадан көргеніміздің бәрін өзімізге енгіземіз. Еліктегіш халықпыз деп өзімізді кейде жұбатып қоямыз. Шындығында ешнәрсенің байыбына толық бармаймыз. Қазақстан жағдайына бейімдегеннің өзінде онда ұлттық құндылықты бірінші орынға қоймаймыз. Білім беру болсын, саясат болсын, өндіріс болсын.

Егер өндіріс орны ашылса онда жұмыс істейтін ең бірінші қазақтар болу керек. Ал бізде басшысы да, негізгі мамандары да басқа ұлттан болады. Инвесторға да қазақтың мүддесі үшін жұмыс істейсіндер дегенді айтпайды. Мысалы, Түркия сырттан инвестиция тартқанда шеттен келген мамандардың бәрін өз елінің құндылығы үшін жұмыс істетті. Ондағы негізгі жұмыс күші – түріктер. Негізгі мамандарды түріктерден дайындап әкеп, орналастырады. Компания біреудікі болса да, негізгі қызметті атқаратын, ертең сол істі жалғастырып кететіндердің бәрін түріктерден дайындайды.

Бізде білімде де, ғылымда да ұлттық құндылық бірінші орында емес. Ғылымда шетелдік ғылыми басылымға мақала жарияла дейді. Олар қазақтың ұлттық құндылығы басым дүниені қабылдамайды. Өйткені оларға қазақ керек емес.

**– Ұлттық құндылық бірінші орында тұру үшін не істеу керек?**

– Балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейін патриоттық сезімді оятуды бірінші орынға қою керек. Онда елін, жерін қорғайтын, оны сүйетін адамдарды тәрбиелеуге тырысуымыз керек. Мұның бәрі ең алдымен мемлекеттік тілмен қалыптасады. Тілі жойылған мемлекеттің өзі де жойылады.

**– Мемлекеттік тілдің қолдану аясы неге кеңімей отыр?**

– Бізде қазақ тілі жақсы көтерілген кезде орыс мектептері жабыла бастаған болатын. Елдің осы қызығушылығын сапалы білім беру арқылы арттыра беру керек еді. Өкінішке қарай, маман тапшылығы орын алғанда мектептегі еден жуушы, лаборанттар сырттай диплом алып мұғалім болды. Саланы жетік білмеген соң мұндай ұстаздар балаға не білім береді? Содан кейін, әрине, білім сапасы төмендеді. Күнкөріске бейім жандар оқымай-ақ қызмет істеуге болады деп ойлайды. Саланы ақсататын осындай кем ойлайтындар. Ойлау қабілеті, шешім қабылдау шеберлігі төмен адамнан жақсы шәкірт шықпайды. Қазақ мек-



**Бектас БОСТАНОВ,**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры:

## «БІЗДЕГІ ҰЛТШЫЛДЫҚТЫҢ ДЕҢГЕЙІ – 15 ПАЙЫЗ»

теперінен, қазақ тілінен алшақтаудың бір себебі осында. Мұғалімнің біліктілігіне сенбеген соң қазақтардың өзі балаларын орыс мектебіне бере бастағаны содан.

**– Міржақып Дулатов «Халқың надан болса, мың депутатың болсын онан пайда жоқ» деген екен. Бұл пікірмен келісесіз бе?**

– Оған қосыламын. Кезінде хандарда қанша уәзір болды? Әр сала бойынша жауап беретін қазіргі министрлер сияқты уәзірден басқа елдің депутаты болған жоқ қой. Халықтың мұң-мұқтажын ханға уәзірлері жеткізіп отырды. Біз бұл қызметті депутаттарға жүктедік. Алайда олар не істеді дегенде, әлі күмілжиміз. Егер халқының жағдайына жаны ашымайтын болса, ондай депутаттардың қанша?

**– Наурызда мерзімінен бұрын өтетін Мәжіліс пен мәслихат сайлауында қандай кімдер депутат болып сайлануы керек?**

Депутат деген негізі халықтың мұң-мұқтажын үкіметке жеткізіп, оны заңдастырып, халықтың жағдайын жақсартып қана қоймай, елдің көшін алға сүйрейтін адам болу керек қой. Оның бойында соған қажетті білімі болуы тиіс, жоқтан бар жасайтын. Біз көп жағдайда саяси сауаты мен ділмарлығына ғана мән береміз. Өкінішке қарай, көп жағдайда олардың сөзі көп те, ісі аз бол жатады. Депутат болу үшін белгілі бір саланың маманы болу жеткіліксіз. Адамның білімімен бірге иманы болу керек. Иманы жоқ адамда жанашырлық сезімі болмайды.

Біздегі қайта құру дегеніміз түпкі нәтижесі бұрынғыға қайта апаратын нәрселерді басқаша айту ғана болып тұр. Мысалы, Асхат Аймағамбетовке

министр боп тұрғанда білімі бар балалардан қалай мықты маман жасауға болатыны туралы ұсынсымыды айтып хат жазғам. Оған ешқандай жауап келмеді. Өйткені мәселенің бәрі мемлекеттік грантты бөлуден басталады. Билік батыс пен солтүстік облыстарды қазақыландырығысы келеді. Мемлекеттік грант бөлгенде төмен балл алса да сол жақтан шыққандар оқысын дейді. Ал ҰБТ-дан төмен балл алған, білімі төмен бала ертең маман болып жарытпайды. Бәрібір, қанша оқытсақ

жыл сайын 70 мың бала шетелге оқуға кетеді. Көбі грантқа ие бола алмаған, оқи алады деген балалар. Ал 45 балл жинаған баладан білімді маман шыға ма? Одан да білімді бала ауылға барып жұмыс істейтіндей жағдай жасау керек қой.

**– Саяси партиялардың бағдарламасында ұлттық мәселелер неге қамтылмайды?**

Бізде жасқаншақтық әлі бар. Осыны қаттырақ айтсам таяқ жеп қалам деп қорқады. Яғни, біріншісі – қорқыныш. Екінші, олар шынайы емес, партиялар ұлтшылдықтың сыртқы көрінісін ғана жасайтындай көрінеді. Мұны демократия бар деп көрсетіп, айту үшін істейді. Сондықтан сайлаушылардың 20 пайызы сайлауға сенбейді. Одан кейін бізді құртып жатқан кеңестік дәуірден қалған ойлау. Сол кезде мектепте сабақ бергенде мұғалімдер коммунизмді орыс тілінде орнатамыз деп оқытқан. Олар қазір өз балаларына қазақ бол деп тәрбие беріп жатыр ма, белгісіз. Тәуелсіздік жариялағаннан кейін біз Ресейден бірден етек-жеңімізді жинап бөлініп кете алмадық. Бізге өзіміздің ішкі мәселемізді шешетін саясаткерлер керек. Өзге елдер шикізатты сатып алып, дайын өнім жасаса, біз керісінше жасап отырмыз. Осындай

отырғандар елге сырттан оралған қандастардың есебінен емес, өзінің қазақ екенін түсінген адамдар арасынан шығып отыр.

Көбі патриоттықты әнұран айтумен қалыптасады деп ойлайды. Олай емес. Мектеп бағдарламасына қазақты дәріптейтін құндылықтарды кіргізу керек. Мысалы, математиканы оқытқанда Пифагордың жазағандарын қана емес, әл-Фарабидің еңбектерін көбірек қолданса. Жерді өлшеу, бөлу дегендей, тригонометрия деген нәрсе бар, бірлік шеңбер деген ұғымды алғаш әл-Фараби айтқан. Синус (sin), (cos) косинустың мәні 1 градус екенін де әл-Фараби есептеген. Қазір бізге бүкіл математиканы Еуропа жасап бергендей көрінеді. Патриотизм деген сол.

**– Қоғамның ілгері басуына ел басқарып отырғандар ғана емес, Отанын шын сүйетін әрбір интеллигент, ағартушы, қарапайым адам мүдделі болу үшін не істеу керек?**

Бізді құртқан саудагерлік. Кезінде алыпсатарлықты жек көргенбіз. Кейін бұл түсінікті өзгертіп, оны бизнесменге ауыстырып жібердік. Сөйтті де бизнесмендердің бәрі оңай ақша тапты. Қытайдан әкелген бір затты мұнда 3 есе бағасына сатып,

келеңсіздіктерді шешетін мәселелер саяси партиялардың бағдарламасына енгені дұрыс.

**– Халел Досмұхамедовтың «қазақ мемлекетінде мемлекет құраушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы тиіс» деген сөзін жүзеге асыруға не кедергі?**

– Көп нәрсе білімге байланысты ғой. Біз тәуелсіздік жылдары бұл салада көп мүмкіндікті қолдан жіберіп алдық. Қазір жағдай өзгергендей

тез байыды. Оны көрген қарапайым адамдардың да ниеті бұзылды. Бәрі оңай ақша табуға көшті. Соның нәтижесінде өнеркәсіміз дамымай қалды. Тек тұтынушы ғана болып, өзімізде ештеңе өндірімедік. Мүддесі жоқ адамды ешкім қолдап тұрған жоқ. Бәрін жоғарыға сілтей салу, солардың кесірі деп айта салу оңай. Бүгінгі дамымаудың бәрі табан ақы, маңдай термен өз өнімімізді шығармағанымыздың кесірі.

**– Қайраткер деген кім? Қазір әлеуметтік желіде билікті сынағанның бәрі қайраткерге айналғандай.**

– Мен бұл сөзді түсінбеймін. Қазір екінің бір қайраткер. Қайраткер дегенді халық азаматтардың сіңірген еңбегіне қарай айқындауы керек қой. Әншілерде не қайраткерлік барын түсінбеймін. Мысалы, мен қайраткер деп Мұхтарбай Өтелбаев деген кісіні айтар едім. Қазақтан шыққан математик, 30 жыл айналысып жүріп шешілмей келе жатқан есепті шешіп, дүниежүзін дүр сілкіндірді. Еңбек жолын ауылда тракторшы болып бастаған кісі. Оқушылармен болған бір кездесуінде «математиканы меңгерген балаларды тәрбиелей алған жағдайда ғана зияткерлік дамиды. Ол үшін барлық мектептерді сондай жағдайға жеткізу керек» деді. Сабақ беріп жүріп жаңалық ашқан осындай алдамдарға беру керек қой қайраткер деген атақты. Алайда оларды біз теледидардан көрмейміз. Ешкім дәріптеп жатқан жоқ. Көретініміз тек әншілер ғана. Содан кейін қалай патриоттық сезім жоғары болады?

**– Сұхбатыңызға рақмет Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»**

*Түркия сырттан инвестиция тартқанда шетелден келген мамандардың бәрін өз елінің құндылығы үшін жұмыс істетеді. Ондағы негізгі жұмыс күші – түріктер. Негізгі мамандарды түріктерден дайындап әкеп, орналастырады. Компания біреудікі болса да, негізгі қызметті атқаратын, ертең сол істі жалғастырып кететіндердің бәрін түріктерден дайындайды. Бізде білімде де, ғылымда да ұлттық құндылық бірінші орында емес. Ғылымда шетелдік ғылыми басылымға мақала жарияла дейді. Олар қазақтың ұлттық құндылығын басым дүниені қабылдамайды. Өйткені оларға қазақ керек емес.*

та нәтиже жоқ. Өйткені онда негізгі білімнің іргетасы жоқ. Одан кейін олар өзінің таңдаған мамандығына бармайды. Университет беретін білімді меңгере алмайды, оған қабілеті жетпейді. Сәйкесінше қажетті білімді меңгерген маманның өндірісті дамытпайтыны түсінікті. «Жетектеген тазы түлкі алмайды» дегенді бабаларымыз астарлап әдемі айтқан ғой. Қандай жағдай болсын грант мектепті үздік бітіріп келген білімді балалаларға берілгені жөн. Бізде

болғанмен, бәрібір жалтақтықтан арыла алмай келеміз.

**– Сайлау – азаматтық қоғамның даму көрсеткіші бола алды ма?**

– Сайлау шынайы, әділ өтіп, халықтың өз ішінен шыққан адамдар президент, депутат болып сайланса бәрі басқаша болар еді. Алайда тоталитарлық жүйенің сарқыншағы қалғандықтан, азаматтық қоғам дамымай, ұлтшыл саясат құра алмай отырмыз. Осы арада айта кететін бір нәрсе біздегі ұлтшыл болып

### КӨКЕЙКЕСТІ

## ӨНДІРІСТЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА АЗАЙМАЙ ТҰР

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша 2022 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалардан 1465 жұмыскер зардап шегіп, оның 203-і қаза тапқан. Өндірістік жарақаттану коэффициенті (1000 жұмыскерге шаққандағы жазатайым оқиғалардың жиілігі) 0,22 құрады. Жарақат алудың ең жоғары деңгейі өндірістік аймақтарда сақталуда. Мәселен, Қарағанды облысында – 180 адам, Шығыс Қазақстан облысында – 169 адам, Қостанай облысында – 142 адам, Павлодар облысында – 112 адам, Ақтөбе облысында – 103 адам, Алматы қаласында – 114 адам жұмыс барысында зардап шекті. Ең көп зардап шеккендер тау-кен металлургия кешені (16,2%) мен құрылыс саласында (15%) тіркеліп отыр.

Министрліктің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің деректеріне қарағанда жазатайым оқиғалардың орын алуының негізгі себептері: жәбірленушінің өзінің өрескел абайсыздығы (33,9%); өндірістегі жұмыстың тиісті деңгейде ұйымдастырылмауы (29%); жол қозғалысы ережелерін бұзу (9,4%); қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзу.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) бағалауы бойынша жыл сайын әлемде 340 миллионға жуық өндірістегі жазатайым оқиғалар тіркеліп, 160 миллион адам жұмысына байланысты кәсіби аурудың құрбаны болады. Яғни күн сайын 6 мыңнан астам, жылына 2,3 миллионға жуық адам өндірістегі жазатайым оқиғалардан немесе қызмет барысында душар болған аурулардан өледі.

1990 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалар саны әлемде 354 млн-ға дейін жететін. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, Қазақстанда еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан көз жұмғандар 1995 жылы – 61, 2000 жылы – 27, 2005 жылы – 32, 2010 жылы – 35, 2015 жылы – 23, 2019 – 14 адам болды.

Қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мен өндірістік жарақаттануды азайту ел Үкіметі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Соңғы бес жылдың ішінде мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілердің еңбекті қорғау саласы бойынша қабылданған кешенді шараларының нәтижесінде өндірістік жарақаттану деңгейі 6,5%-ға түсті. Профилатика

мен бұзушылықтың алдын алу мақсатында еліміздің 2800 кәсіпорны қауіпсіздік пен еңбекті қорғау стандарттарын енгізді.

Сондай-ақ, ҚР Кәсіподақтар федерациясымен бірлесіп, мүгедектігі бар адамдарды «халықтық бақылаушы» ретінде тартуды көздейтін «Халықтық бақылау» әлеуметтік маңызды жобасы енгізілуде. Министрліктің есебіне қарағанда, бүгінгі таңда жобаны жүзеге асыруға республиканың 240 кәсіпорны қосылып, онда 600-ден астам жұмыскер ішкі бақылауды жүзеге асыруда.

2019 жылдан бастап министрлік тарапынан «Нөлдiк жарақат – Vision Zero» тұжырымдамасын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс атқарылуда. Оған бүгінде 332 кәсіпорын қосылды. Сонымен қатар, «Онлайн еңбек консультанты» электронды сервисі тұрақты жұмыс істейді. Ол жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында қашықтан өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін еңбек заңнамасының сақталуының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
**«Заң газеті»**



МӘМИЛЕ

МЕДИАЦИЯ

Бүгінгі сотты тек қана жаза тағайындайтын, заң шеңберінде ғана ақ-қараны ажырататын орган деп ойласақ, онда ол үлкен қателік болар еді. Себебі қазіргі таңда соттарда татуласу институттары ерекше қарқын алды.



## ТАТУЛАСУ РӘСІМІНДЕ ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Қазіргі таңда дауласқан тараптардың арасында сот залынан бір-біріне ренішті қабақпен емес, татуласып шығатын жағдайлар көбейген. Бұл ымырашыл халықтың өзіндік сара жолын дамытуда сот жүйесінің де алар орны ерекше екендігін аңғартады.

Азаматтық процестік кодексінің 147-бабы бойынша сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға процестің барлық сатысында жәрдемдеседі.

Сотта тараптардың татуласу келісімін жасауға, медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісімге келуге және дауды партисипативтік рәсімдер арқылы реттеуге мүмкіндігі бар. Татуласу келісімі – сот шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін, сондай-ақ сот актісінің орындалуы кезінде жасалады. Татуласу келісімі басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұза алмайды және заңға қайшы келмейді. Татуласу келісімін сот бекітеді.

Дауды медиация тәртібімен реттеу – дауды (жанжалды) судьяның немесе медиатордың жәрдемдесуімен медиация тәртібімен реттеу туралы мәлімделген өтінішхат негізінде жүзеге асырылады. Медиацияны өткізетін судья медиация өткізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Судья медиацияны «Медиация туралы» заңға сәйкес және осы кодексте белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып өткізеді.

Партисипативтік рәсім судьяның қатысуынсыз «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңға сәйкес екі тарап адвокаттарының не заң кеңесі палатасының мүшелері болып табылатын адамдардың жәрдемдесуімен дауды реттеу бойынша тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы өткізіледі.

Аталған татуласу рәсімдері барлық сатыдағы соттарда жүргізіледі.

Татуластыру рәсімдерін жүзеге асыруда судьяның нақты міндеттері де заңнамамен нақтыланған. Дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуді азаматтық сот ісін жүргізудің бірден бір міндеті ретінде бекіте отырып, судьяға талап қою қабылдаған күннен бастап тараптарды татуластыру үшін тиісті шараларды қолданып, істі қараудың барлық сатыларында талапты түсіндіру жүктелген.

Татуласу рәсімдерінің оң нәтиже беруі арқасында 2018 жылдың басында Жоғарғы Сот бастамасымен сот жүйесін одан әрі дамыту мақсатында жеті басым бағыт белгіленіп, оның бірі ретінде «Татуласу: сотқа дейін, сотта»

жобасы қолға алынды. Осы мақсатта соттан тыс татуласу орталықтарын құру үшін Қызылорда облысы пилоттық аймақ ретінде таңдалып, республика бойынша бірінші Татуласу орталығы ашылғанын айта кету керек.

Ал сотта тауласу бойынша татуластырушы судья ұғымы енгізіліп, онда талап қою келіп түкпен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде татуластырушы судья тараптарды бітімге шақырып, келісімге келген жағдайда талапты өндіріске алмай-ақ қысқартуға мүмкіндік туды.

Осы реформа оң нәтижесін беріп, 2021 жылы Азаматтық процестік кодексіне өзгерістер еніп, татуластыру мерзімі он күннен он бес күнге ұзарды. «Сотқа дейінгі хаттама» институты қолға алынып, нәтижесінде дауласқан тарап хаттамаға өздерінің дәлелдері мен ұсынысын көрсете отырып бір бітімге келе бастады.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында 2022 жылы 10 азаматтық іс татуласу; 217 азаматтық іс дауды медиация тәртібімен реттеу туралы және 2 азаматтық іс партисипативтік рәсім тәртіптерімен аяқталып, іс жүргізуден тоқтатылған. Бұл үлкен көрсеткіштердің бірі.

Сотта татуласудың бірнеше тиімді тұстарын атап кеткен дұрыс. Алдымен дауды татуластыру рәсімдері арқылы реттеу сот шешіміне қарағанда тараптардың бітімге келуіне ыңғайлы. Яғни жеңілген тарап болмайды. Татуласу келісімін жасау арқылы соттың және тараптардың уақытын, қаржысын үнемдейді. Мемлекеттік баж алымы тараптарға қайтарылады.

Татуласудың қандай түрі болса да, тараптар арасында ерікті түрде жасалатындықтан, онда көрсетілген талаптарды орындау міндетті. Ал ерікті түрде орындалмаған келісім өтінішхат негізінде атқару парағы жасалынады. Бұл жағдайда келісімді бекіткен ұйғарымның сот шешіміне қарағанда заңды күшіне ерте енетінін ескерген жөн.

Әрине, соттар мен өзге уәкілетті органдар дауды шешудің осы бір тиімді тәсілдерін насихаттау жұмыстарын жүргізгенімен, тараптарды бітімге шақырғанмен, таңдау тараптың өз еркінде. Дәй тұрғанмен дауды бейбіт жолмен шешуді таңдаған ата-баба жолынан адаспағанымыз дұрыс.

**Айнұр ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,**  
**Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы**

## ӨРКЕНИЕТ ТАҢДАУЫ

2011 жылдың 28 қаңтарында дауларды шешудің балама тәсілі медиация енгізіліп, «Медиация туралы» заң қабылданды. Медиацияның негізі – бітімгершілік. Медиация – екі тараптың арасындағы жанжалды сотқа жеткізбей, үшінші тараптың араласуымен шешудің жолы. Медиация тараптардың дауласушылық деңгейін төмендетеді. Бүгінде еліміздегі сот жүйесі дауласуды емес, мәселені татулықпен шешудің тиімді жолдарын насихаттауға тырысуда. Бүгінде азаматтар медиацияның мәнін түсініп, маңыздылығына көз жеткізе бастады. Елімізде халықтың сотқа деген сенімін арттыру өзекті мәселе. Шындығына келгенде халықта дау-дамайды тек қана сот арқылы шешу керек деген көзқарас қалыптасқан. Дау туындай қалса дереу сотқа жүгінетіні рас. Медиация тараптардың ерікті келісімі негізінде жүзеге асырылады, дау медиатордың жәрдемдесуімен рәсімделеді. Медиацияны қолданбайтын ел кемде-кем. Медиация жолымен істерді сотқа жеткізбей шешіп отырған өркениетті елдер баршылық. Билер даналығын дәріптеген біздің еліміз де бар келіспеушілікті бітімгершілікпен шешіп,

татулықты ту еткен халық екенін әлдеқашан мойындатқан. Медиация азаматтық, еңбек, отбасылық қатынастар және заңда белгіленген т.б. жағдайлар бойынша, жеңіл және орта дәрежедегі қылмыстық істер жөнінде туындаған дауларда қолданылады. Айта кетерлік жай, соттың шешімі тараптардың бірін риза еткенімен, екінші жақтың наразылығын тудыратыны рас. Бұл жағдайда сот шешімдеріне, судья қызметіне көңілі толмайтындардың қатарын көбейтіп, арызданушыларды арттыратынын да жасыруға болмайтыны сөзсіз. Ал медиацияның артықшылығы тараптардың бірігіп шешім қабылдауымен құнды. Медиация үрдісінде жеңілуші жақ пен жеңуші жақ болмайды. Туындаған дауды бітімгершілікпен шешу халық үшін де, еліміз үшін де пайдалы. Қазіргі жағдайда медиация жолымен істерді шешу өте тиімді және ұтымды.

**Е.САРСЕНГАЛИЕВ,**  
**Қаратөбе аудандық сотының бас маманы**  
**сот отырысының хатшысы**  
**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

БІЛГЕН ЖӨН

## АДВОКАТУРА ЖӘНЕ НОТАРИАТҚА ЛИЦЕНЗИЯ АЛУ ТӘРТІБІ

Әрбір азаматқа қорғануға мемлекет құқық береді. Бұл туралы еліміздің Конституциясында жазылған. Заңды және жеке тұлғаларға заң көмегін әртүрлі құқықтық субъектілері көрсетеді оның қатарында адвокаттар мен нотариустар да бар. Адвокаттық және нотариаттық қызметті жүзеге асырудың негізгі талаптарының бірі – мемлекеттік лицензиясының болуы. Лицензия алу бірнеше сатыдан тұрады. Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер Әділет органдарында мемлекеттік қызмет алады.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 40-бабының 2-тармағына сәйкес, адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан ойдағыдай өткеннен кейін адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияға «Электрондық үкіметтің» веб-порталы не заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы заңнамада көзделген құжаттарды қоса бере отырып, өзін аттестаттауға жіберу туралы өтініш жібереді.

Сонымен қатар, «Нотариат туралы» заңның 7-2-бабының 2-тармағына сәйкес, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін Қазақстан заңнамасында көзделген құжаттарын қоса тіркей отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары арқылы оны аттестаттауға жіберу туралы өтініш тұрғылықты жері бойынша тиісті нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясына жолдайды.

Адвокаттық және нотариалдық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалар [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz), электрондық үкімет веб-порталы арқылы электрон-

дық цифрлық қолтаңбасы бойынша электрондық құжаттарын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі «Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» және «Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарында келтірілген.

Мемлекеттік қызмет «Е-лицензиялау» жүйесінің мемлекеттік дерек қоры арқылы тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысатын тұлғаларды аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

- 1) Қазақстан заңдарын білуге компьютерлік тест;
- 2) емтихандық билет бойынша ауызша тапсырмаларды орындау. Компьютерлік тестке жұсалатын жалпы уақыт 90 минутты (100 сұрақ) құрайды.

Қызмет алушы компьютерлік тесті ұсынылған жалпы сұрақтардан егер 70 дұрыс жауап алатын болса өткен болып саналып, екінші кезеңге жіберіледі.

Екінші кезеңде қызмет алушыға практикалық тапсырмаға дайындалу үшін 10 минут беріледі. Үміткердің практикалық тапсырманың дұрыс жауабын



**Тоты БЕРТЛІБЕКОВА,**  
**Әділет департаменті құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы**

Комиссия мүшелері бес балдық жүйемен бағалайды.

Аттестаттау немесе аттестаттама туралы Комиссияның шешімі аттестация өткізілген күні шығарылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау туралы шешім ол шығарылған күннен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау туралы шешім ол шығарылған күннен бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады.

Адвокаттық және нотариаттық қызметтерін лицензиялауды ҚР Әділет министрлігі жүзеге асырады. Адвокаттық және нотариаттық қызметтермен айналысу құқығын лицензиялау 2011 жылдың 15 тамызынан бастап электрондық түрде көрсетіледі.

ПӘРМЕН

## БЕЗБҮЙРЕК АНА ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты Келес аудандық пробацация қызметі бөлімінің есебінде тұрған ана қамауға алынды. Бұдан басқа Келес ПҚБ-нің тексеру барысында сотталған азаматшаның үйінде болмай, шақыруға келмей, сот жүктеген міндетті орындамағаны анықталған.

Пробацация қызметі – қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ пробацацияны ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің органы. Келес аудандық пробацация қызметінде бас бостандығынан шектеу жазасына тартылған әйелдер бар. Солардың бірі – Сара. Ол 2021 жылы бөтеннің мүлкін

жымқырды деген айыппен Келес аудандық сотының қаулысымен төрт жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасына тартылған.

Келес аудандық пробацация қызметі бөлімінің есебінде тұратын азаматша жаза өтеу тәртібі мен шарттары түсіндірілгеніне қарамастан бірнеше рет әкімшілік жауапкершілікке тартылып, белгіленген уақытта үйінде болмай, профилактикалық іс-шараларға қатысу үшін есеп беруге келмей, сот жүктеген міндеттерді

орындамай жаза өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзған. Сол үшін пробацация қызметінің ұсынысы қанағаттандырылып, Сараның бас бостандығынан шектеу жазасы 1 жыл 7 ай 23 күнге бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылып, жазаның өтелмеген бөлігін Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтеу белгіленді.

–Жазаның орындалуын бақылау кезінде сотталған азаматшаға және оның балаларына пробацация қызметі тарапынан бірнеше рет әлеуметтік көмектер көрсетіліп, азық-түлік себеттері берілді. Алайда, азаматша жаза өтеу барысында өзіне сотпен берілген мүмкіндікті тиісті деңгейде орындамай, асырауындағы мүгедек баласын қамқорлықпен тәрбиелеудің орнына оны қараусыз қалдырып, жазасын

өтеуден қасақана жалтарды. Сонымен қатар, мүгедек баласын асыраушы ретінде мемлекет тарапынан тағайындалған ай сайын берілетін жәрдемақысын бас пайдасына жаратып отырған, – дейді Келес аудандық пробацация қызметі бөлімінің бастығы әділет майоры Нұрдаулет Нұрымбетов.

Сот жүктеген міндеттерді орындамай, жазадан қасақана жалтарғаны үшін Келес аудандық сотының қаулысымен іздеу жарияланып, нәтижесінде бас бостандығынан айрылып, қамауға алынып, жазаның өтелмеген бөлігін абақтыда өтейтін болады. Сотталған азаматша мүгедек баласына қамқорлық жасамай бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған. Осындай іс-әрекеттерден кейін мүгедек бала Келес ауданы адами әлеуметті дамыту орталығына орналастырылды.

**Раушан НАРБЕК**  
**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**



**ОҢ ҚАДАМ**

# АТҚАРУ ІСІНДЕ ІЛГЕРІЛЕУ БАР

Қазақстан ТМД елдері арасында жеке сот орындаушылар институтын енгізген алғашқы мемлекеттің бірі. Бұл жаңашылдық өркениетті елдер тәжірибесін зерттеп, сүзгіден өткізгеннен кейін ғана қолға алынған сауатты қадам болды. Жеке сот орындаушылар институтының артықшылығы мен ерекшелігі көп. Ең алдымен бұл қызметке білікті мамандардың таңдалатынын айта кеткеніміз жөн. Тағылымда мен аттестациядан өтіп, жеке сот орындаушы лицензиясын алған маманның қызметіне жүгіну реті «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңда толық көрсетілген.

Әрбір жеке сот орындаушы өндірісіне түскен сот актісін жедел, сапалы орындау үшін өз құзыреті шегінде жұмыс жүргізеді. Сот ак-

тісіндегі берешекті өндіру мақсатында борышкердің жылжитын, жылжымайтын мүлкіне тыйым салып, қаржысы мен бағалы қағазын пайдалануын шектейді. Берешегі белгілі бір сомадан артқанда Қазақстан Республикасының шекарасынан шығуына шектеу қояды.

Жеке сот орындаушылардың қызметі барынша ашық, қолжетімді. Әрбір азамат өзіне қатысты атқару парағының кімге түскенін «Қазақстан Республикасындағы берешегі барлар тізімінен» тексере алады. Әділет министрлігінің ашық сайтындағы «Борышкерлердің және шығуы уақытша шектелген борышкер болып табылатын жеке тұлғалардың, заңды тұлғаның лауазымды тұлғаларының бірыңғай тізілімінде іздеу» қызметі шектеуді кімнің қойғанын, атқару парағының қай жеке сот орындаушы өндірісінде екенін

көрсетіп береді. Министрлік пен Жеке сот орындаушылар палатасының сайтында әр өңірдің жеке сот орындаушыларының байланыс телефоны, орналасқан мекен-жайы көрсетілген.

Жеке сот орындаушылар институтының қоғам үшін тиімді екенін уақыт көрсетіп отыр. Өйткені, бұл қызмет мемлекеттен қаржы алмайды, олардың табысы орындаған құжатына сай борышкерлерден алынады. Яғни, жеке сот орындаушылар сот актісін жедел орындауына мүдделі. Сонымен бірге, бұл қызмет азаматтардың сот әділдігіне, өз құқығының мінсіз қорғалатынына деген сенімін нығайтатынын айта кеткен жөн.

**Жәнібек УРЫСБАЕВ,**  
**Ақтөбе өңірлік жеке сот орындаушылар палатасы**

## Баспасөз – 2023

### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

#### Төл басылымдарыңыздан қол үзін қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

#### Жазылу индекстері:

##### ✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

##### ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

##### ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

##### ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

##### ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zangazet@mail.ru

## ТАРАТУ

9. «Қадірхан» бөбекжай балабақшасы» ЖШС, БСН 210240027279, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Құркелес а/о, Береке ауылы, Қансонар көшесі, №3 ғимарат. Тел.: 87758553370, 87753671398.

10. «UZEN TAU» ЖШС (БСН 221240041527) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Рахат ауылы, «Ақсу» шағынауданы, Төлеген Қағазов көшесі, 6 үй.

12. «Ashim Story Servis» ЖШС, БСН 210540030161, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Иванов көшесі, 4А үй, тел.: 87079836970.

16. «SAMAY N» (БСН 170740022831) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Т.Жүргенов көшесі, 28/1. Тел.: 87078997933.

17. «АРА-3» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі өз қызметін тоқтатқанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Жалпақтал ауылдық округі, Абай көшесі, 11 үй.

18. ЖШС «Ақжан001», БСН 210340006934, өзінің таратылатыны хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Казтик а/о, Казтик ауылы, Сәрсенбек Асубеков көшесі, 28 а үй.

## ӨРТҮРЛІ

2. «БАЙСАНАТ» ЖШС (БСН 160640024713) өзіне «Orda Tower» ЖШС-н (БСН 180240006378) қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Комсомольский тұрғын үй алабы, Қарашаш Ана көшесі, 16/1 үй, н.п. 1.

3. «Orda Tower» ЖШС (БСН 180240006378) өзінің «БАЙСАНАТ» ЖШС-не (БСН 160640024713) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Комсомольский тұрғын үй алабы, Қарашаш Ана көшесі, 16/1 үй, н.п. 1.

4. «Маншук 22» ЖШС, БСН 220940048547, өзінің «Маншук-АЭ» ЖШС-не, БСН 990640013146 қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, индекс 010021, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Мәншүк ауылы, Алаш 1 көшесі; индекс 010000, Астана қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 6 үй, кеңсе 51. Тел.: 87172353025.

5. «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС, БСН 050940003609, 2023 жылғы 30 қаңтарда жоғары орган «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС-нің шешімін жарғылық капиталды азайту туралы шешім қабылдады. «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС-нің несиегерлері осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС-нен қосымша кепілдемелер беруді немесе мерзімінен бұрын қысқартуды не «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС-нің тиісті міндеттемелерін орындауды және шығындарын өтеуді талап етуге құқылы. Талап-шағымдар жазбаша түрде «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС-нің орналасқан мекенжайы бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Ақсай - 1А» ықшамауданы, 21 үй, 27 пәтер.

6. «Маншук-АЭ» ЖШС, БСН 990640013146, өзіне «Маншук 22» ЖШС-н, БСН 220940048547, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда

8. «Семей медицина университеті» КеАҚ Директорлар Кеңесі 27.06.2022 ж. бекіткен профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу ережесінің, №237 «2022-2023 оқу жылына кафедраларды қайта ұйымдастыру және қайта атау туралы» бұйрықтың, №630-С «Дене шынықтыру кафедрасын құру туралы» бұйрықтың негізінде, 2022-2023 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарын ауыстыруға және қайта сайлауға конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар тапсыру керек:

- 1. Дене шынықтыру кафедрасы** Кафедра меңгерушісі - 1 бірлік
  - 2. Травматология және балалар хирургиясы кафедрасы** Кафедра меңгерушісі - 1 бірлік
- Конкурсқа қатысушылар келесі біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

#### 1. Кафедра меңгерушісі лауазымына:

Пән бейіні бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәрежесінің болуы немесе ғылыми атағының болуы, ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің лауазымдарында немесе білім беру ұйымдарында мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, тілдерді білу: мемлекеттік және /немесе орыс және /немесе ағылшын тілін атқаратын лауазымы шеңберінде тілді толыққанды қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ететін кәсіби деңгейде. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі туралы TOEFL 525, IELTS -5,5, ҰТО-75 деңгейінен төмен емес сертификаттың немесе шетелдік ЖОО-ның ағылшын тілінде білімі

қабылданады: ҚР, индекс 021811, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Мәншүк ауылы, Алаш 1 көшесі; индекс 010000, Астана қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 6 үй, кеңсе 51. Тел.: 87172353025.

7. «Қарағандыпрошахт и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 060540008083, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Лобода көшесі, 15 ғимарат.

11. «Спорттық-мәдени кешен» ЖШС, БСН 041040002898, «Almaty Sport Management» ЖШС-не, БСН 190140018220, қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 44, тел.: 292-38-77.

13. «АВТОломбард QAZAQ Finance» ЖШС, БСН 161140024341, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінен 31.03.2021 жылы микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген № 02.21.0061.L. лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды.

14. «АВТОломбард Жана Кредит» ЖШС, БСН 150340023128, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінен 14.04.2021 жылы микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген № 02.21.0089.L. лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды.

15. «Колёса Ломбард» ЖШС, БСН 170240033234, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінен 31.03.2021 жылы микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген № 02.21.0068.L. лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды.

туралы дипломның болғаны құпалады.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет:

1. ЖОО басшысының атына өтініш (еркін нысанда). Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:
2. кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс қағазы;
3. өмірбаяны;
4. жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін түпнұсқалары;
5. қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;
6. ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (бар болса);
7. ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес 075/у медициналық анықтамасы;
8. Қазақстан Республикасы Бас прокураторының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті беретін адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама (ҚР ЕК-нің 32-бабының 3-тармағы) Е – gov порталы арқылы («Азаматтарға арналған үкімет»МК);
9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11304 болып тіркелген) бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт)

1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы - №272 бұйрық);

10. №272 бұйрықпен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы психоневрологиялық ұйымнан анықтама.

11. профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына орналасуға арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаны немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға арналған ғылыми-зерттеу жұмысының жобасын таныстыру (электрондық түрде, кемінде 10 слайдтан аспайды);

Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну өтінішті қабылдаудан еркін нысанда бас тарту үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді және өтінішке қоса берілетін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

Мекенжайы: Семей қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 103, байланыс телефондары: 87222562888 (іш.1039 немесе 1040), https://aisu.kz/nadezhda/#/

19. Алматы қаласы МАЭС-ның 25.01.2023 ж. ұйғарымымен «Юниверс-АС» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімдерін жүргізу туралы іс қозғалды. Несиегерлердің талап-шағымдары 25.02.2023 ж. дейін мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 23 үй. Тел.: 87014601771, эл.пошта: mariyash\_2004@mail.ru.

20. Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 26 қаңтардағы ұйғарымымен «Нұршах-холдинг» ЖШС-не қатысты, БСН 051140007279, оңалту рәсмін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. ҚР «Әділдік және банкроттық туралы» заңының 72-бабына сәйкес хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қосымшаларды талаптары мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, К.Байсейітова көшесі, 104/3 үй, тел. 87059603400.

21. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8, 11-кіреберіс, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымдық орнына конкурс жариялайды. Кәсіпорнының орналасқан мекенжайы: Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8, тел.: 295232.

Қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасында зиялылық мүмкіндігін қалыптастыруға көмектесу болып табылады.

Қызметінің мақсаты – Қазақстан Республикасының дарынды балаларын анықтау, дамыту және шама мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімінің болуы, мамандығы бойынша кәсіпорынның бейініне сәйкес келетін қызмет саласында басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Конкурсқа мынадай тұлғалар қатыса алмайды:

- 1) он сегіз жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар. Конкурсқа қатысуға ымыра тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:
- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілді және жеке мәліметтерді тексеру мен жинақтауға келісім беріледі);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме (фотосуретпен қоса);
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттар;
- 5) денсаулық жағдайы туралы анықтама (№ 075-нысан бойынша).
- 6) жеке куәлігінің көшірмесі.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау, хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда аталған құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Персоналды дамыту және басқару департаментіне (806-каб.) тапсыру қажет, телефон: 8 (7172) 74-24-19.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.кыялысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.кыялысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldiubaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көшесі), 107-а, 2-бөлме, тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Т



## БАРЛАУШЫ ЖАЗБАЛАРЫ

### **БАРЛАУШЫ БОЛЫП ТУМАЙДЫ, ҚАЛЫПТАСАДЫ!**

– Беке, академия бітірген жаңа буын келді. Бастық олардың жеке істерімен алдымен сізбен таныстыр, ішінен өзінің басқармасына қажет деп тапқан біреуін басқармасына қызметке алсын деді. Ғабекең шеф болғалы Сіздің асығыңыз алшысынан түсіп жүр, – деген кадрлар бөлімінің бастығы ішкі байланыспен хабарласып, Бекті тиісіп алды. Бектің әзілдесуге онша құлқы жоқ-тын. Басқарма бастығы болып тағайындалғанына жарты жыл ғана болған, жұмыс қыруар. Дегенмен:

– Өмеке, сіз мақұлдамай ешбір қызметкер «марқұм да бола алмайды» – деп әзілдеп, кадр бөлімінің бастығын бір көтеріп тастады.

Жаңадан келген мамандардың жеке істерімен танысам деп кеш болғанын байқамаған Бек аздап шаршағанын енді сезді. Жас барлаушылардың артықшылығы мен басым тұстарын таразылаймын деп тұңғыық ойға кетті....

Әркім әр қалай жағдайда келмеп пе еді бұл қызметке?! Бірақ бәріне ортақ қойылатын шарт – ол денсаулықтың мықты болып, өзі немесе жақын туыстары сотталмаған және құқық қорғау органдарымен «шатағы» жоқ болуы қажет. Иә, бұл Кеңес үкіметі кезіндегі, кейін де жалғасып келе жатқан арнайы қызметке алынатын болашақ мамандарға қойылатын талаптардың бірі. Бұл сияқты қызметтердің жұмысын ирандық социолог, жазушы, дүниетанушы Доктор Али Шериати сөзімен былай сипаттауға болар еді. Ирандық ғұлама «Бала кезімде көршінің қоразы таңертеңнен айқайлап бәрімізді ұйқымыздан тұрғызатын. Күндердің бір күнінде әлгі қораздың үні шықпай қалды. Көршімен сұрағанда ол – «қораз таңертең айқайлап мазаны алып ұйқыдан оята берді, сосын басын жұлып тастадым» деген. Енді ер жеткенде ғана түсіндім, кім де кім қауымның көзін ашып ұйқысынан ұятса, соның басы кететінін» – деген екен. Сол орайда, қатыгез де қауіпті Кеңес үкіметінің КГБ-сі қай билеушінің болмасын «бас алушы қанжары» болғаны енді бәріне мәлім.

Дей тұра, барлау қызметінің өзіне тән бірқатар ерекшелігі мен өзгешелігі бар. Негізінде барлау қызметі құқық қорғау органдары қатарына шартты түрде ғана жатады десек қатты қателеспейміз. Барлаудың ең маңызды мақсаты – елдің қауіпсіздік мәселесінде қажетті жабық мағлұмат пен ақпаратты мемлекет басшылығына жеткізу. Сыртқы істер министрлігінен, қарсы барлау қызметінен барлаудың айырмашылығы, оның өзіне тән іс-шаралары мен арнайы амалдары бар. Осы ретте, барлаушылар мен қарсы барлаушылардың өзара айтатын әзілі мысал бола алады. «Жұмыстан кешкісін үйге қайтар уақыт келгенде қарсы барлаушының жұбайы терезеге қарап, көршілерден кім қашан, қалай келгенін көріп біледі. Ал барлаушының жұбайы сол көршінің әйелін шөйге шақырып, әңгіме арасында сұрап біледі».

Шынында Бек арнайы қызметті бала кезден ұнатып, іштей армандайтын. Спортқа, музыкаға және шет тілін үйренуге қатты қызықты. Ағылшынша үйренуге ұмтылысын арттырған өлең – ол Eagles тобының «Hotel California» шығармашылығы еді. Бәлкім аталмыш қызығушылықтар мен ішкі ниеті себеп болды ма, Бек барлау қызметіне аяқ басты.

Жиырма бес жылдан астам барлау қызметінде жұмыс атқарған Бектің көңілге түйгені жетерлік. Алғашқы кездегі оқу мен жұмыс, сосын тағы академия Бек үшін қызық та қиын болғанымен, өте мағыналы да мәнді кезең болды. Әсіресе тәуелсіздік алған жылдары патриоттық рух ерекше қозғағыш күшке ие еді. Соңғы отыз жылда басқа мемлекеттік органдар сияқты барлау қызметі де «жазылмайтындай дертке» шалдықпаса да, бәрімізге белгілі қоғамдағы «ауру» симптомдары жетерлік еді. Барлау қызметін тәуелсіздік жылдары бірнеше рет ҚР ҰҚК құрамына қосты, бөлді, жеке дербес құрылым да болды. Бұл үрдіс, әрине, қай қызметтің болса да жұмысына кері әсерін тигізбей қоймайды.

Барлау қызметкерлерінің кейбіреуін әзілдеп «аң алатын тазыларға» теңеге болады. Сондықтан болар, Бек білетін бір-екі барлау қызметкеріне шет елдегі Елшілік «аясында» ұзақ мерзімді іс сапары кезінде «персона нон грата» жарияланып, елге қайтарылған болатын. Аталмыш барлаушылар мүмкін аса бір батырлық жасамаса да, «жүйрік тазылардай» тынбай жұмыс істеді. Орталықтың қателігінің салдарынан әлгі барлаушылар «болдырды», потенциалдарын тауысты. Нәтижесінде – шет мемлекеттің арнайы қарсы барлау қызметтерінің назарына ілігіп, елге қайтуына мәжбүр болды. Қазақстанның бейбіт сыртқы саясатының арқасында «дипломаттарды» елге қайтару процестері у-шусыз өтті.

Ал, барлаудың ендігі жас қызметкерлерін не күтіп тұр?

**Бахытжан ТАСТАНБЕКОВ**

Көкірегінен қан сауғалаған құлын қайта-қайта ақсаңдап, енесіне жаулап қағады. Әлдеқайдан медет күткендей жер бауырлап жатқан жылқыны айналшықтап кісіней берген. Ене ақсақ құлынына мөлт еткен жанарымен ақырғы мейірін сарқып берді де, соңғы демін шығарды. Шерлі құлынның көзінен бір тамшы жерге домалап түсті. Дарханның жүрегі шым ете қалған. Көрші ауыл ішімен өтіп бара жатып дәл осындай көрініске кезігем деп ойламаған. Түс секілді. Өмірінде көрген ең қорқынышты түстей. Бірақ бұл өңі екен. Дегбірі құрып, дем ала алмай қалды. Денесіне мың-сан ине бір мезетте шаншылғандай.

\*\*\*

Маржан сол күні әдеттегідей анасына қоңырау шалған.

## АР СОТЫ

Тұтқаның ар жағындағы дауыс дірілдеп шықты:

– Жақсымыз, қызым... Өзің қалайсың? – деген анасының дауыс ырғағы күндегідей өзгерек.

– Шүкір, жақсы. Дауысыңызға не болған? – деп сұрады Маржан.

– Өең мен ағаң екеуі көрші ауылға кетті. Жылқыларымыздың өлігін тасып жатыр, – деді ашынған әйел. Маржанның ойына ең әуелі Көкбурыл келген. «Көкбурыл сенікі» деп, әкесі сол құлынды Маржанға атаған. Көкбурыл десе, Көкбурыл еді. Сұлу. Сыртынан қарағандар сүйсініп, Жаратушының мінсіз жаратқанына таңдай қағатын.

– Көкбурыл ше? – деп сұрады Маржан. Аузына ең бірінші түскені осы.

– Мал бола ма, білмейміз, аяғын сындырып тастапты... – деді анасы.

Маржанның тамағы буылып, ары қарай сөйлей алмады. Тұтқаны тастай салды да, көрпенің астына тығылып жылай берген. «Көкбурыл. Құлыншағым». Көзін жұмса болды алғашында үркектей келіп маңдайынан сипатып тұратын сәттері елестейді. Аяғын сындырып тастапты... «Аяғы сынған жылқы мал болмайды» дейтін әкесі. Бірақ жүрегі бір жақсылық күткендей, үміт үзгісі келмеді.

\*\*\*

Ой құшағында жатып, көзі ілінді. Іңір қараңғылығында оянып, өз-өзіне келгендей болды. Айнаға қараса, көзі ісіп кетіпті. Бір жағынан ыза, бір жағынан шер қысып, қайта жылағысы келген. Қарсы алдындағы айнаға тәніп, «Қолыңнан жылағаннан басқа не келеді?!» деп өзіне кейіді. Ең оңайы өз-өзіңді айыптау ғой. Бәлкім, қиыны да сол шығар... Дүниеде өзінді айыптаудан өткен оңай нәрсе жоқ. Өзіңе кейісең де, ызаланып ауыр сөздер айтсаң да өз еркіңде. Өйткені ол – өзің ғой. Оған сені ешкім де айыптамайды, ешкімнің алдында жауап та бермейсің. Бірақ, ақылға салсаң, одан ешнәрсең өзгерте де алмайсың. Ал кінәлілер ше? Жер бетінде қылмыс жасаған қаншама зұлымдар жүр. Сонда олардан кім кек алады? Қазақ үшін жылқы да адамдай аяулы емес пе еді? Қалайша қолы барды екен? Сансыз сұрақтан Маржанның діңкесі



\*\*\*  
Бұл бір қызық іс болды. Жақыпбектің жылқыларын өлтірді деген күдікке ілінгендер жиналып, оның үйіне келген.

– Жақа, түсінесіз ғой. Ауылымыз аралас отырған елміз. Есболдың баласы ауруханада ес-түссіз жатыр. Әкесі болса қайта-қайта аурухана мен полицей мекемесінің табалдырығын тоздырып жүр... Кешірім беріп, арызды қайта алыңыз, – деді көрші ауыл биі Теңіз. Кездесуге мұрындық болған бұл ауылдың биі Айбол болса Жақыпбекке жалыншыты көзбен қарады. Онысы кешірім берсе, тезірек осы іс жабылса деген ой еді.

– Заң қалай шешсе, солай болады, – деді Жақыпбек.

– Айналайын-ау, менің немерем ауруханада жатыр. Кешірім бере салы енді, – деді Есболдың көрші әкесі. Төс қалтасынан орамалын шығарып көзін сұрткен болды.

– Маңдай теріммен бала-шаға үшін жинаған адал малымды арам өлтірдіңдер. Енді не сұрайсыңдар! – деді Жақыпбек.

– Бергенімізге разы бол да, кешірім бер, – деді Теңіз.

– Сонда жиырма екі малдың құны бес жүз мың теңге болып тұр ма? – деп, одан армен ашуға ерік берді Жақыпбек.

– Бұлар қу кедей ғой. Одан басқа ақшаны қайдан алады? – деді Теңіз.

– Мәселе ақшада да емес. Қолмен істегенді мойынмен көтерсін, – деп Жақыпбектің жары Бәтима сөзге араласты.

– Жеңеше, сіз көзі ашық адамсыз ғой. Кешірім беріңіздер, – деп килікті мұғалім Берік.

– Көзім ашық болған соң, осылай айтып тұрмын. Ертең бұлар жазаланбаса, заң жоқ екен деп одан да ауыр қылмысқа барады, – деді Бәтима.

Жақыпбек күйіп кетті. «Осыншама надан жұрт екенбіз» деп жүрегі қыса бастаған.

– Айналайын балам, кешірім бер. Менің немерем өлім аузында жатыр, – деп бұрыннан ауру немересін ортаға салды қария. Ұрпағын саудалап кешірім алғысы келді.

– Кештім, – деді Жақыпбек. – Бірақ Құдайға салдым.

\*\*\*

Маржанның жаны түңілген. «Анық істің өзін шеше алмайтын ел екенбіз» деп күйінді. Көз алдына Көкбурыл келе берген. Әкесіне «Неге кешірім бердіңіз?» деп айта алмайды. Әкенің жұмсақ жүрегін тағы да ауыртықсы келмейді. Тұн қараңғылығында Алматы аспанына қарап ойлап келеді. Бұрын жұлдыздар көрінбеуші еді. Қазір ауық-ауық көзге түсетін болған. «Бізді тұра жолға бастайтын бағыт та осы жұлдыз секілді бірде көрініп, бірде көрінбей тұрған жоқ па?» деп ойлады. Заңсыз елде тұрған алғаш рет қорыққан. Бұрын байқай бермейтін. Өз басына түскен бұл істен кейін ішіндегі көп ойлар тұнғығып сыртқа шығып жүр. Заңсыз елде қалай күн көреміз? Ал кінәлілер заң сотынан сытылып шыққанымен, ар сотына тартылмай ма екен?..

**Нұрлайым БАТЫР**

## ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
Жеке таралым **5321** дана  
Апталық таралым **11 054** дана

Тапсырыс №17 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын [ANMEDIA.KZ](http://ANMEDIA.KZ) сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31